



Сала басшыларына тапсырмалар берілді

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы кәсіпкерлер мен жасөспірімдер арасындағы кәсіпкерлікке қатысты білім және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссияның күн тәртібінде 3 мәселе қаралып, кәсіпкерлікке қатысты білім және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссияның күн тәртібінде 3 мәселе қаралып, кәсіпкерлікке қатысты білім және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

топ ойын-сауық орындарын, саябақтар, ойын алаңдары және жастар көп шоғырланатын аймақтарға шолу жүргізіп, нәтижесінде 22 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталды.

Сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабына сәйкес, кәсіпкерлікке қатысты білім және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабына сәйкес, кәсіпкерлікке қатысты білім және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.



ТАЗАЛЫҚҚА ТИЯНАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Қала әкімі Нұржан Ахатов шаһардағы сквер-аллеялар мен саябақтарды аралап, санитарлық тазалығын ретке келтіру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар барысын қадағалады.

Мекеме, кәсіпорын қызметкерлері мен қала тұрғындары, ерікті жастар саябақтарды тазалау, талдарды баптау, орындаулар мен серуендеу орындарын сырлау, арам шөптерден тазарту, орталық көшелер мен қоғамдық орындарда жиналған қоқысты шығарып, ортақ қаланың көркеюіне өз үлесін қосуда.

Республикалық «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында қалада әр сенбі сайын тазалық жұмыстары жүргізілуде. Сенбілікке жалпы 210 мекемеден 1789 адам атсалысып, 18 арнайы коқыс жинайтын техника жұмылдырылды. Нәтижесімен орталық полигонға 180 м3 коқыс шығарылды.

Өздеріңізге белгілі, мектеп

оқушыларының бастамасымен «Тазалық патрулі» қозғалысы іске қосылған болатын. «Ігі істер саябақтарды тазалау, талдарды баптау, орындаулар мен серуендеу орындарын сырлау, арам шөптерден тазарту, орталық көшелер мен қоғамдық орындарда жиналған қоқысты шығарып, ортақ қаланың көркеюіне өз үлесін қосуда.

Барша қала тұрғындарын республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылып жатқан сенбілік жұмыстарына атсалысуға, тұрғын үйлердің аулаларын және көшелердің аумағындағы тазалық шараларына өз үлестерін қосуға шақырамыз!



СПОРТШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Спорт күніне орай қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев сала ардагерлері мен мамандарды және бірқатар спортшыларды қабылдап, сый-құрмет көрсетті. Кездесуде Дархан Есалыұлы «Бүгінде спортшыларымыз белсенділігімен және жоғары жетістіктерімен еліміздің абыройын асқақтатуда. Осының барлығы Мемлекет Басшысының қолдауы, жерлестеріміздің тынымсыз еңбегі» дей келе, мерекемен құттықтап, жаттықтырушылар мен спортшыларды қала әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы жолдауында бұқаралық спортқа ерекше назар аударып, дене шынықтыруға басымдық беру керек екенін айтқан еді. Әр өңірде, облыс орталықтарында спорт секцияларын ашуды тапсырды. Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығына тоқталған болатын. Осы орайда «Дене шынықтыру және спортты дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді. Осыдан

кейін жалпыұлттық жоспар шеңберінде дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

«Үлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.



Биыл өңірлер арасында көшбасшылар қатарынан көрініп келеміз. Спорттық нысандар құрылысы да қарқын алды. Қызылорда қаласында үстел теннисі орталығының құрылысы жүрде. Сырдарияның сол жағалауынан халықаралық стандарттарға сай, жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталып, 10 мың орындық жаңа стадионның іргетасы қаланды. Былтыр 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталса, биылғы жылы аудандарда 15 кешен қолданысқа беріледі деп күтілуде. Айта кетейік, Сыр спортшылары әлемдік аренада өнер көрсетіп, облыс қоржынына 54 медаль салса, республикалық чемпионаттар мен кубоктардан 245 жүлде иеленді.

Қызылорда облысында бұқаралық спортпен шұғылданатын тұрғындар үлесі 39 пайызға жетті. Нәтижесінде олардың саны 328 мың адамнан асып отыр. 2023

жылы 23 желтоқсанда облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы құрылды. Өткен жылы атқарылған жұмыстардың арқасында өңір халқының 39%-ы бұқаралық спортпен айналысуға мүмкіндік алып, олардың саны 328 597 (ауылдық жерде 192 535) адамға жетті. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 12 497 адамға артады. Өңірде спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 44%-ға өсті. Алпыс жылға жуық тарихы бар Сырдың бас футбол командасының жанкүйерлері жыл санап артып келеді. Жергілікті футболды дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Облыс бойынша 55 мыңнан астам адам футболмен айналыса, оның ішінде футболмен 5 мың адам шұғылданады. Жыл сайын жасөспірімдердің футболға деген қызығушылығы артып келеді. Сонымен қатар, әуесқойлар футбол лигасы бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың дамуына үлесін қосуда.

ДЕПУТАТТАР «TEN QOGAM» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Қалалық мәслихат жанындағы әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия және коммуналдық-шаруашылық және қала инфрақұрылымы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы бірлесе өткізілді. Комиссия отырысында «Жалпы орта білім беретін мектептердің 2024-2025 жаңа оқу жылына дайындығы» сонымен қатар «Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету, олар үшін кедергісіз орта құру мәселелері туралы», «Сәулет және қала құрылысы саласында атқарылған жұмыстар мен өзекті мәселелері» қаралды.

Аталған мәселелерге байланысты, қалалық білім бөлімі басшысының м.а. Қ.Әбдіқалыров, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы К.Құрбаева, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Д.Сырлыбаев хабарлама жасап, атқарылған жұмыстарды баяндады. Алдымен депутаттар, Мүгедектігі бар адамдарды қолдауға арналған «Ten Qogam» орталығына, қаламыздың сол жағалауында салынып жатқан «Оқушылар сарайы» және 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үй құрылысымен танысты. Қызылорда қаласында «Ten Qogam» орталығы 2021 жылдан бастап жұмыс жасауда. Орталық мүгедектігі бар тұлғалардың қоғамға бейімделуіне жәрдемдесу, психологиялық, әлеуметтік-сұхбаттық көмектер ұсынып, бекітілген жоспар бойынша мәдени шаралар мен семинар-тренингтерді тұрақты түрде өткізуде. Бұл әлеуметтік қолдау шараларына бюджеттен қаржылар бөлінуде.

Аталмыш орталықта мүгедектігі бар адамдарды қоғамдық орындарға уақытылы жеткізіп тасымалдау мақсатында «ИнваТакси» қызметі жұмыс жасауда. Қаладағы 700-ге жуық мүгедектігі бар адамдар 16 инваТаксидің қызметін пайдалануда.

Биыл қалада жеті қабатты 84 пәтерлі ипотекалық 6 тұрғын үй құрылысы салынуда. Мердігер мекемелер бұл үйлерді биылғы жылы күзде салып бітірмек. Аталған үйлер қаламызға жаңаша келбет беруде. Пәтерлердің сызбасы да жаңаша бағытта жасалған. Сонымен бірге, қаланың Сол жағалауында салынып жатқан «Оқушылар сарайы» алдағы уақытта 5 бағытта 350 оқушыға қызмет көрсететін болады. Атап айтқанда, қолданбалы колонер, өнер-шығармашылық аймағы, IMAQ technologies, мектепалды білім, Edtech бағыттары бойынша мектепте 49 үйірме ашылмақ. Комиссия отырысы барысында депутаттар

тарапынан: қаладағы білім беру ұйымдарындағы жөндеу жұмыстарының жаңа оқу жылына дейінгі мерзімде және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;

- мектептердегі санитарлық нормалардың сақталуын, ыстық тамақпен қамтамасыз ету барысында санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- тиісті мекемелермен бірлесе отырып, мектеп аумақтарында жол қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- жаңа оқу жылында мектептердегі тәрбие беру жұмыстарына баса назар аудару, ата-аналармен байланысты нығайту;

- қаладағы көшелерден және теміржол өткелі арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпірлердегі жеделсатылардың (лифт) қалыпты жұмыс жасауларын қамтамасыз ету, жөндеу жұмыстарын уақытылы және сапалы жүргізу;

- мемлекеттік мекемелер мен кәсіпкерлік нысандардағы мүгедектігі бар адамдарға арналған пандустардың стандартқа сай және сапалы жасалуын қамтамасыз ету;

- жаяу жүргінші жолдарда (тропуар) автобус аялдамаларында пандустардың болуын қамтамасыз ету;

- «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-нің автобус жүргізушілері арасында мүгедектігі бар адамдарды міндетті түрде мінгізіп, түсіруді қамтамасыз ету бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

- мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны орындау бойынша мекемелермен жұмыстарды ширату;

- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті органдармен бірлесе отырып, мүгедектігі бар адамдарға тактильді жол белгілері мен автокөлік тұрақтарының белгілерінің болуын қамтамасыз ету қабылдау;

- Сәулет және қала құрылысы саласы бойынша жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді сапалы ұйымдастыру;



- Қала аумағында жеке және заңды тұлғалар тарапынан өз бетінше тиісті рұқсат беретін құжаттарының салынған құрылыстарды анықтау жұмыстарын жүргізу, тиісті заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- Қаламыздың сәулеттік келбетін дамыту бағытында жаңашылдықтар енгізуді үнемі назарда ұстау;

- Тиісті мекемелермен бірлесе отырып, қала бойынша сыртқы (көрнекі) жарнама нысандарына мониторинг жүргізе отырып, заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету ұсынылды. Сонымен бірге, комиссия отырысы барысында қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев мүгедектігі бар азаматтарға арналған арбалар 7 жылда бір рет берілетін болатындықтан, тозып қалатындығы, қала аумағындағы базарлардан мүгедектігі бар жандар өндіретін өнімдерді

сататын арнайы сөрелер ашу, бас жоспарға қала аумағындағы саяжайларды толығымен енгізу, жылжымайтын мүліктердің нысаналы мақсатын өзгертуде кедергілерді болдырмау, мектептердегі құқықбұзушылық фактілерді жасырмау, білім ошақтарында санитарлық эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету туралы мәселелерге баса назар аударды.

Комиссия отырысына депутаттар, қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Г.Сыздықова, облыстық бақылау жөніндегі басқарманың өкілі (ГАСК), қалалық ювеналдық полиция бөлімінің басшысының орынбасары Л.Ахметова, кент және ауылдық округ әкімдері, жауапты дербес бөлімдер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Комиссиялар жұмысына қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев төрағалық етті.



50 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қармақшы ауданына жұмыс сапары кезінде Жосалы кентіндегі әлеуметтік осал топтағы отбасыларға бюджет есебінен сатып алынған 50 пәтердің кілтін табыстады...



Аймақ басшысы баспаналы болған азаматтарға игі тілегін білдірді. «Өңірде соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Биыл тұрғын үй құрылысына және дайын пәтерлер сатып алуға 34,1 млрд теңге бөлінген...

қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Биғали Қаюпов пен Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов жерлерін құттықтады. Қоныстой иелері атынан Айгүл Ахметова қуанышын жеткізіп, қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов ақ батасын берді...

кіріп, ізгі тілек білдіріп, естелік сыйлық табыстады. Айта кетейік, пәтер кілтін алғандар арасында көп балалы, толық емес отбасылар, жетім, ата анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Ауған соғысының ардагері, І-ІІ топ мүдделі және өзге де әлеуметтік топ өкілдері бар...



ИСЛАНДИЯДА ЖАНАРТАУ АТҚЫПАЙ БАСТАДЫ

23 тамызға қараған түні Исландияда, Гриндвик қаласының маңында Сундхнукур жанартауы атқылай бастады. RUV телерадиокомпаниясы жергілікті өрт сөндіру қызметіне сілтеме жасай отырып, жанартау маңындағы аймақта эвакуация мен төтенше жағдай жарияланғанын хабарлады...

3,5 МЫҢ ГЕКТАР ОРМАН ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫНҒА ОРАНДЫ

Португалияда небәрі екі аптаның ішінде 3,5 мың гектар орман қызыл жалынға оранды. Мадейрадағы қатты жел өртті сөндіруде кедергісіз келтіруде, деп хабарлайды. Орман өрті бүкіл Еуропаға таралып жатыр...

БАС БАПКЕРІ СПОРТТАН ШЕТТЕТІЛМЕК

Ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының бұрынғы бас бапкері Алексей Ни спорттан өмір бойына шеттетілмек. Алексей Ни бас бапкер болған кезде Қазақстан допинг сынамаасын қайта тексеріп, Олимпиаданың 5 алтынның айырылған еді. Қазақстан ауыр атлетика федерациясының хабарлауына, Ни қазір спорттан уақытша шеттетілген...

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттік ретінде орнықтыру жолындағы ең басты қауіп-қатерлердің бірі сыбайлас жемқорлық екені барлығына белгілі. Тауелсіз еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған.

Сыбайлас жемқорлықпен перменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет...

сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның барша азаматтарының азаматтық борышы әрі міндеті деп санаймын. Б.БАЛХАНОВ, Еңбек ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

МАЛ БАСЫНДА ӨСІМ БАР



Бүгінде Арал ауданындағы ауыл шаруашылық саласы жыл сайын жаңа көрсеткіштерге қол жеткізіп, қарқынды дамып келеді. Соңғы алты ай көлемінде өсім 101,8 пайызды құрауы сөзсімізге дәлел. Аудан бойынша облыстық межеге сәйкес 2024 жылға егіс көлемін арттырудың межесі 910 гектарды құрап, 1014,7 га жерге егістік дақылдары отырғызылды...

Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 10 есеге артық, - деді Аманжол Сақыпұлы. Ауданның мал шаруашылығында да айтарлықтай өсім байқалды. Соңғы жылда 4 түлік мал 30 мыңнан астам басқа өскен. Ауданда мал шаруашылығынан алынатын өнім де артқан. Өткен жылдың қантар-маусым айларымен салыстырғанда сиыр сүтін өндіру 101,5 пайызға артығымен орындалып отыр...

– Президенттің тапсырмасына сәйкес су үнемдеу технологиясын пайдалану мақсатында «Camel Pro» шаруа қожалығы 800 гектар жерге жандырлатып суару арқылы мал азығын дайындау үшін 16 жандырлатып суару қондырғысын пайдаланып, жоңышқа дақылын егуді жоспарлауда. Қазіргі таңда аталған шаруа қожалық әрқайсысы 50 гектарға арналған 4 жандырлатып суару қондырғысын орналастырды...

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАЛУЫ ТИІС

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында аудан орталығындағы Жанқожа батыр мен Әйтеке би көшелерін қайта жаңғырту жұмыстары және Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы 4 жолақты жолды кеңейту жұмыстары жасалуда.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет жол құрылыстарымен айналысып жатқан мердігерлермен кездесіп, жұмыс қарқыны мен жол сапасын бақылады, сондай-ақ жауаптыларға жол құрылысы жұмыстарын уақытылы аяқтауды тапсырып, бұл жұмыстар күнделікті бақылауында болатынын жеткізді. Жанқожа батыр көшесінің жол жиегін бекіту, бордюрлерді салу, аялдамаларды орнату, Жанқожа көшесінің Қ.Ірімов пен Т.Бөріқұлаков көшелерімен қиылыстарына жол айрықтарын салу жұмыстары жүргізіліп, асфальт қабаты төселді...

БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Сот өз ауласындағы есірткі еккен Қызылорда тұрғынына қатысты үкім шығарды. Жүргізілген жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде Қызылорда облысы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Шинел ауданында үй ауласына 59 түп сора өсімдігін еккен 57 жастағы аудан тұрғынын құрықтады...

37 ЖАСТАҒЫ ЕР АДАМ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Облыс көлемінде өткізілген «Пәтер» жедел-профилактикалық іс-шарасының нәтижесінде бұрын жасалған пәтер ұрлықтарының 12 дерегі ашылып, тергеу амалдары жүргізілуде. Мәселен, Қызылорда қалалық ПБ-на қала тұрғынынан арыз түскен. Белгісіз біреу пластик терезесін күштеп ашып заңсыз кіріп, үй ішінен алтын бұйымдары, құндыз тоны және 300 мың теңге ақшасын қолды еткен. Келтірілген шығын 1 280 000 теңгені құрады. Жүргізілген жедел жұмыстар нәтижесінде жедел уәкілдер бұрын сотты болған 37 жастағы ер адамды анықтап, ұстады...

АЗАН ШАҚЫРЫП АТ ҚОЮДЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

Қазақ халқында жарық дүние есігін шыр етіп ашқан сәбиге есім беру рәсіміне қатысты дәстүр мен салт-жоралғы бар. Ол – азан шақырып, ат қою деп аталады. Сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен азамат болсын деген ниетпен ырым етіп, ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады...

Әкесі өзі азан шақыра алмайтын болса, имам-молдаларды шақырып, баланың басын құбылаға қаратып, оң құлағына аят жолын айтып, «мұның аты пәленше ...», сенің атың пәленше ...» деп, үш мәрте айқайлап айтатын болған. Рәсім аяқталған соң дұға оқылып, қатысқан туыскандары нәрестеге, оның ата-анасы мен туыскандарына ақ тілегін айтып, үлкендер бағасын берген...

Ислам шарияты бойынша да туылған баланың құлағына азан шақырып ат қою – сүннет. Бұл орайда дін өкілдері: «Шарият бойынша нәрестенің оң құлағына азан, сол құлағына қамағ айтылады. Ислам шариятында жаңа туылған баланың құлағына азан шақырудың мән-мағынасы – оның бойына иман сөзін жастайынан сіңіру. Өйткені азан мәтнінде адам баласының Алла Тағалаға деген сенімі мен мұсылмандығын айғақтайтын куәлік сөздер камтылған...

Бала дүниеге келгенде әр отбасы оған жарасымды әрі әдемі есім беруге тырысады. Кейбірі заманына сай, ел арасында кең таралған, заманауи есімдерді қойып жатса, үлкендер ата-бабаларының, ұлы тұлғалардың есімін, енді бірі ежелгі есімдерді қояды. Есім адамның тағдырына, болмысына әсер ете ме? деген сауал төңірегінде ғалымдар XX ғасырдан бері зерттеу жүргізіп келеді. Соның негізінде адам есімдерін зерттейтін антропонирика ғылымы пайда болған...

